



ЖАҢА САЛЫҚ
КОДЕКСІ – ХАЛЫҚ
ПЕН НАРЫҚ МҮДДЕСІН
ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП
ДАЙЫНДАЛҒАН
ҚҰЖАТ

Салық – белгілі бір мөлшерде заңды және жеке тұлғалардан алынып, мемлекеттің бюджетіне түсетін міндетті төлем. Мемлекеттің дамуы, әлеуметтік саланың жолға қойылуы салық төлемдерінің нақты, әділ, ашық жүргізілуіне тікелей байланысты.

2025 жылғы 18 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексіне және оған ілесіп «Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Бұл заң қоғамның сұранысы мен талабын ескере отырып, нарық пен халықтың қажеттілігіне қарай дайындалған бірегей құжат. Қоғамда қызу талқыланып отырған Салық заңнамасы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілмек.

Әрине, Қазақстанда салық реформасының қажеттілігі көптен бері айтылып, талқыланып келгені рас. Соған орай қолданыстағы Салық кодексі бірнеше рет түзетіліп, өзгертілгені мәлім. Алайда, қаншама өзгеріс енгізілгенімен, құжат кәсіпкерлер мен мемлекет үшін толық тиімді болмады. Ал жаңа кодекс жеке тұлғалардың салық салу жүйесіне, салықтарды төлеу ережелеріне және берешекті өндіріп алу шараларына ауқымды өзгерістер енгізгендіктен, жаңашылдықтарды жан-жақты, толымды таныстырып, түсіндіру аса өзекті. Сонда салық жүйесі бизнеске де, жеке тұлғаларға да анағұрлым түсінікті және ашық болады.

Салықтық реформа барлық негізгі бағыттарды қамтып отыр. Жаңа заңда салық жүйесін барынша жеңілдетуге, бизнесті қолдауға, әлеуметтік осал топтарды қорғауға және экономиканы дамытуға басымдық берілген.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН РӘСІМДЕУ
ТӘРТІБІ ӨЗГЕРМЕК



Депутат Асхат Аймағамбетов Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігін күшейту және қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі заң жобасын ұсынды. Аймағамбетовтың айтуынша, еңбек заңнамасында әлі де олқылықтар бар. Мәселен, енді азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдерге (ГПХ) қатысты өзгерістер болады.

ТІЛСІЗ ЖАУ

АЛҒАБАСТАҒЫ АЛАПАТ ӨРТ:
ЕЛДІ ЕСЕҢГІРЕТКЕН ҚАСІРЕТ

Алғабас ауылы, Жетісай ауданы, Түркістан облысында 18 қараша күні болған өрт қазақстандықтарды есеңгіретіп тастады.

Төтенше жағдайлар департаменті растаған дерек бойынша, тілсіз жау 13 адамның өмірін жалмады. Оның тоғызы – бала. Екі адам ес-түссіз күйде эвакуацияланып, ауруханаға жеткізілгенімен, олардың жағдайы да өте ауыр екені хабарланған. Бұл отбасы сол түні үйіне қонақтар жинағаны туралы көршілер айтып берген. Дегенмен өрттің нақты неден тұтанғаны әзірге белгісіз.

Жантүршігерлік өрттен кейін министрлер кабинеті тексеру жүргізіп, маңызды шаралар туралы хабар бере бастады.

Үкімет отырысында олар ішінара кеше хабарлағандарын қайталады. Естеріңізге сала кетейік, қайғылы оқиғаның себептерін тергеу үшін арнайы комиссия құрылды. Бұл топты вице-премьер Қанат Бозымбаев басқаруда.

Оның құрамына бірнеше ведомстволардың өкілдері кірді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Жетісай ауданындағы қайғылы оқиға шұғыл қорытындылар мен іс-қимылдарды талап ететінін айтты. «Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр. Кеше Бозымбаев тұрғын үйлерді, жатақханаларды жаппай тексеруді тапсырды. Бүгін Бектенов осы жағдайға назар аударуды талап етті. Олжас Бектенов зардап шеккендер мен қаза тапқандардың отбасыларына барлық қажетті көмек, оның ішінде материалдық және медициналық көмек көрсетілетінін атап өтті.

«Жалпы, жылу беру маусымы басталғалы тұрғын үй секторында өрт оқиғаларының

саны өсіп барады. Біз бұл мәселені қазан айында үкімет отырысында қарадық. Алайда, жағдайдың жақсарғанын әзірге көріп отырған жоқпыз», – деді Олжас Бектенов.

Қазір 13 адамды ажал құштырған қорқынышты өрттің неден шыққаны белгісіз. Бұл сұраққа ресми жауап әлі берілмеді.

Өрттің алдын алу неге қиын? Мамандар ұсынған негізгі тетіктер:

Өрт – найзағай сияқты ентелемейді, бірақ бір сәтте тұтанып, бірнеше минуттың ішінде адамның өмірін жалмайды. Ал алдын алу шаралары көбіне уақытында жасалмағандықтан, осындай қатерге ұрындырады.

Қаралайым, бірақ ең маңызды қорғаныс – түтін дабылдағышы. Төтенше жағдай қызметтерінің айтуынша, өрт кезіндегі өлім-жітімнің басты себебі – адамдардың түтінге улануы. Түтін өртенгеннен де жылдамырақ тарайды. Дәл осы сәтте дабылдағыштың дауысы адам-

ды оятып, үйден 1-3 минут ішінде шығуға мүмкіндік береді. Дүние жүзінде мыңдаған өмірді құтқарған қаралайым құрылғы біздің елдегі көптеген үйлерде әлі күнге орнатылмаған. Мамандардың айтуынша, ауылдық жерлерде электр сымдарының әбден тозғаны жиі байқалады. Қосымша жылытқыштар, ескі розеткалар, үйді жылыту үшін қолданылатын қауіпті құрылғылар – бәрі өрттің басты факторлары. Газ пештері мен газ баллондары да қатердің көзі. Газдың аздаған иісі сезілсе де, адамдардың көпшілігі мән бере бермейді. Ал газ бен ұшқынның комбинациясы – үйді бірнеше секунд ішінде өртке орайтын күш. Мерекелік кеш, қонақ күту, баланың туған күні кезінде үй ішіндегі қауіп факторлары артады. Ас үйде пештер қосылады, электр жүктемесі көбейеді, балалардың қозғалысы қарқындайды.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



Айышпұлдар өңір экологиясын сауықтыруға қызмет ете ме?

6-бет



Жалғасбек ЖАҚАЕВ,
Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы:

«Қалада бұқаралық спорт дамып келеді»

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

МИНБЕР

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ –
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ
ПЕН ӘДІЛ ТӨРЕЛІК КЕПІЛІ

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап өз жұмысын бастаған кассациялық сот сот төрелігін жетілдірудің маңызды буынына айналды. Кассациялық сот Астана қаласында орналасқан және қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша нақты салаға маманданған. Мұнда бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың шешімдеріне келіп түскен шағымдар қаралады. Негізгі функциясы – істердің мән-жайын емес, құқықтық нормалардың сақталуын тексеру, яғни материалдық және іс жүргізу заңдарының бұзылуын талдау арқылы заңдылықты бақылау. Кассациялық сот жұмысы сот қателіктерін түзетуге және әділеттілікті қалпына келтіруге нақты мүмкіндік береді.

Бұған дейін Жоғарғы Соттағы кассациялық алқа заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараса, енді оның негізгі міндеті – сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету болып табылады. Кассациялық сот істердің мән-жайын емес, заң нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді. Ол материалдық және процессуалдық құқық нормаларының бұзылуын анықтау арқылы төменгі соттар шешімінің заңдылығына баға береді. Осылайша, бұл сот сатысы құқықтық қателіктерді түзетуге және әділеттілікті қалпына келтіруге нақты мүмкіндік береді.

Кассациялық соттың құрылымы әр салада қалыптасқан құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге және сот актілерін қабылдау кезінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мұнда іс қайта тергелмейді, жаңа дәлелдер зерттелмейді – басты назар сот шешімінің заңдылығына аударылады. Егер материалдық немесе іс жүргізу нормалары өрескел бұзылғаны анықталса, кассациялық сот сот актісінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы.

Істерді кассациялық сатыдағы сотқа қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Кассациялық соттардың негізгі міндеті – сот актілерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірулерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Төменгі сатыдағы соттың актісі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып,

істі жаңадан сот талқылауына жіберілуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Істі кассациялық сотта қарағаннан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Жаңа модельдің сот жүйесіндегі рөлі мен тиімділігі:

1. Жоғарғы Соттың жүктемесі азайды. Енді ол тек ерекше маңызы бар істерді, яғни құқық қолданудың қағидаттық мәселелерін қарайды.

2. Сот тәжірибесі біріздене түсті. Кассациялық сот түрлі өңірлердегі соттардың шешіміндегі айырмашылықты жойып, заңды біркелкі түсіндіруге жағдай жасайды.

3. Азаматтардың құқығын қорғау күшейді. Құқық бұзушылық орын алғанда, азаматтар үшін тағы бір нақты құқықтық қорған, механизм пайда болды.

4. Сот төрелігінің сапасы артты. Кассациялық саты сот актілерінің заңдылығына қосымша сүзгі жасап, құқықтық мәдениеттің жоғарылауына ықпал етеді.

Кассациялық сот институты – көптеген дамыған елдердің сот жүйесінде бұрыннан бар тәжірибе.

– Францияда 1790 жылдан бері жұмыс істейтін Кассациялық сот тек заң нормаларының дұрыс қолданылуын қадағалайды.

– Германияда Федералдық Жоғарғы Сот (Bundesgerichtshof) дәл осындай қағидатпен әрекет етеді – ол істің мәнін емес, құқық нормаларының бұзылуын бағалайды.



– Ресейде 2019 жылдан бастап жеті өңірлік кассациялық сот құрылған, бұл әділдікке қолжетімділікті арттырды. Осы тәжірибелер көрсеткендей, кассациялық инстанция – құқықтық тұрақтылық пен әділ сот төрелігінің кепілі.

Кассациялық соттың енгізілуі – қарапайым азаматтар үшін де үлкен мүмкіндік. Енді әр адам немесе ұйым сот шешімінің заңдылығына күмән келтірсе, оны жоғары сатыда әділ әрі кәсіби деңгейде қайта қарата алады. Бұл сот жүйесіне деген сенімді күшейтеді, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға кепіл болады, қоғамда заң үстемдігі қағидатын нығайтады.

Кассациялық соттың құрылуы – сот жүйесінің дамуындағы жаңа кезең. Ол соттардың жұмыс тиімділігін арттырып, құқық қолдану тәжірибесін біріздендіріп, азаматтардың әділдікке деген сенімін нығайтып отыр. Бүгінгі таңда бұл жаңа институт сот төрелігінің сапасын арттыруға, құқықтық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге және Қазақстандағы құқықтық мемлекет ретінде дамытудың берік негізін қалыптастыруға қызмет етеді.

Мұрат АУБАКИРОВ,
Қылмыстық істер жөніндегі
кассациялық соттың судьясы

КӨЗҚАРАС

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БАР
ЖЕРДЕ – СЕНІМ БАР

Қазақстанда 2023 жылдан бастап жұмыс істей бастаған Конституциялық Сот – құқықтық мемлекет құру жолындағы жүйелі әрі маңызды қадамдардың бірі. Бұрынғы Конституциялық Кеңестен айырмашылығы – жаңа орган қоғамға анағұрлым жақын. Ең бастысы – әрбір азамат өз құқығының бұзылғанын сезінсе, Конституциялық Сотқа тікелей жүгіне алады. Бұл жаңалық әділетке қол жеткізуді жеңілдетіп, құқық қорғау тетіктерін күшейтті.

Конституциялық Соттың ең негізгі міндеті – Конституцияны қорғау. Мемлекеттік органдар қабылдаған заңдар мен шешімдер Негізгі заңға қайшы келсе, Конституциялық Сот оны тоқтатып, қоғамдағы әділеттілікті сақтауға үлес қосады. Бұл – билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау, заңсыз шешімдерге тосқауыл қою, азаматтардың құқықтарына нұқсан келмеуін қамтамасыз ету деген сөз. Яғни, Конституциялық Сот – мемлекеттің ең жоғары құқықтық имунитеті.

Әлемдік тәжірибеде де конституциялық бақылау институттарының рөлі айрықша. Германия, Чехия, Италия сияқты елдерде Конституциялық соттар ұзақ жылдар бойы демократияның берік тірегіне айналған. Бұл елдердегі тәжірибе көрсеткендей, Конституциялық Соттың тәуелсіздігі – мемлекеттің тұрақтылығы мен азаматтардың сенімінің негізі. Қазақстан да осы жолды таңдауы арқылы құқықтық жүйесін жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Конституциялық Соттың жұмысы тек заңмен шектелмейді. Ол қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға әсер етеді, халықтың өз құқығын қорғауға деген көзқарасын өзгертіп, сенімін арттырады. Соттың әділ әрі ашық шешімдері мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді, ал қоғамда заң үстемдігі туралы түсінікті тереңдетеді.

Бүгінде Конституциялық Соттың қабылдайтын әрбір шешімі – елдің құқықтық саясаты үшін маңызды оқиға. Ол тек құқық нормаларын саралап қана қоймай, Конституцияның рухын, демократияның негізін сақтауға үлес қосады. Сондықтан Конституциялық сотты «әділет үстемдігінің айнасы» деп атау – оның мемлекет алдындағы миссиясын дәл сипаттайтын анық баға.

Конституциялық Сот – қоғам мен билік арасындағы тепе-теңдіктің сақшысы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғаны, Конституцияның мызғымас рөлінің кепілі. Бұл органның тиімді қызметі әділетті Қазақстанның берік іргетасын қалайды. Заң үстемдігі бар жерде – сенім бар, ал сенімі берік елдің болашағы да жарқын болмақ.

Едіге БЕГЕНОВ,
Түпқараған аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР
ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Цифрландыру – Қазақстанда озық елдер қатарына қосуға ықпал ететін жаңа механизмнің бірі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың биылғы жолдауында



цифрландыру үдерісіне айрықша мән беріп, «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп атауы да сондықтан. Осы стратегиялық құжатты басшылыққа ала отырып қоғамның барлық саласын цифрландыру бүгінгі күнгі маңызды міндет. Мұндай жаңғыртулардан отандық сот та шет қалмайды. Жалпы республика соттарындағы цифрлық сервистер өзінің тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген. Соның нәтижесінде соттардың онлайн қызметтерді дамыту бойынша жеткен нәтижелері жаһандық даму индексінде әділ бағаланып, БҰҰ мониторингіне кіретін 193 елдің ішінде 8-орынды иеленген болатын. Мұндай көрсеткішке оңай қол жетпегені түсінікті. Әлемдік мониторингте қазақстандық соттағы электрондық қызметтің жоғары бағалары ұжымдағы білікті кадрлардың тынымсыз еңбегі мен ұйымшылдығының, табандылығы мен терең ізденісінің көрінісі деп сеніммен айтуға болады.

Сот саласына жасанды интеллект жетістіктерін меңгеріп, сот қызметіне цифрландыру тетіктерін енгізу айтарлықтай қиын емес. Себебі бұл сала жаңа технологияның мүмкіндіктерін барынша терең зерделеп, орынды қолдануда бірыңғай тәжірибе қалыптастырып үлгерді. «Төрелік», «Сот кабинеті» сервистері – сот жұмысын цифрландырудың алғашқы қарлығаштары. Бүгінгі таңда сот жүйесіндегі барлық өтініштердің 95%-ы сот кабинеті арқылы беріледі. Бұл өз кезегінде тараптарға әлемнің кез келген нүктесінен сотқа қашықтан жүгінуге мүмкіндік береді.

Десек те, бұл жетістіктермен шектеліп қалуға болмайды. Цифрлы мемлекет болуға ұмтылған

мемлекеттің соты да сол үдеден табыла білуі керек.

Соның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып дайындалған «Сот практикасының цифрлық талдауының» берері көп. Бұл бағдарлама сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, даудың белгілі бір түрі бойынша кемшіліктерді анықтауға бағытталған. Жаңашылдықтың жағымды тұсы – сервис азаматтарға даудан қандай қорытынды күтуге болатыны туралы болжамды білуге мүмкіндік береді. Жүйе қалыптастырған сот актілері банкі судьяларға республикада бұрын шығарылған сот актілерін табуға, оның іс жүргізуіндегі даудың санаты бойынша сот практикасын білуге көмектеседі және бірыңғай сот практикасына сәйкес дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді. Соның арқасында азаматтардың да сот жұмысын терең түсінуіне жол ашылып, судьялардың да тәжірибесін шыңдауға қателіктердің алдын алуға жол ашылды.

Сот тәжірибесінің цифрлық аналитикасы, бейнеконференц байланыс, сот отырыстарының аудио, бейнежазбасы және тағы басқа сандық сервистерді дамыту – цифрландыру бағытында қолға алынған міндетті шаралардың бірі. Сот саласының жұмысын жедел, ашық, қолжетімді етіп, халықпен арадағы сенімді нығайтудың негізгі тетігі де цифрландыру, жасанды интеллект жетістіктерін енгізумен байланысты екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Бауыржан БОРАНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің
Маңғыстау облысы
бойынша департаменті
басшысының орынбасары

БЕЗБЕН

ТӘРТІПТІ САҚТАУ – ОРТАҚ ІС

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» деген екен. Мемлекеттің дамуы, елдің ілгерілеуінің де өзегінде осы үш шарт тұр.

Өкінішке қарай, ниет пен талап болғанымен, ортақ тәртіпке бағынбаудың салдарынан орын алып жатқан кемшіліктер аз емес. Соның бірі құзырлы органдардың талабына бағынбаумен, лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттерін орындауының кедергі келтірумен, қаулыларды, нұсқамаларды орындамаумен тікелей байланысты.

Еліміздегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабында ол үшін арнайы жауаптылық та қарастырылған. Осы баптың 1-бөліміне сай, мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өз құзыреттерін сәйкес қызметтік міндетін орындауына қажетті құжаттарды жіберуден бас тартып, нақты ақпарат бермеген жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы әрекетті қайталап жасағандарға салынатын айыппұл жоғары.

Бұған қоса, осы кодекстің 162 және 227-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңды талаптары немесе нұсқамаларын, ұсынулары мен қаулыларын орындамау немесе тиісінше орындамау – рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып қызметті, жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұрып жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келетіні дәйектелген.

Мемлекеттік құрылымдардың заңды талабына бағынбағандарға салынатын айыппұл қомақты. Мұндай шара азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау, қауіпсіздігін сақтау мақсатын көздейтіні белгілі. Мысалы Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жеке кәсіпкер «Қ»-ға қатысты іс қаралды. Сот отырысы барысында анықталғандай, жеке кәсіпкердің меншігіндегі автотұрақта өрт қауіпсіздігі талаптары сақталмаған. Ал бұл автотұраққа қойылған көліктердің ғана емес, онда жұмыс істейтін қызметкерлер мен тұтынушылардың өміріне қауіп төндіреді. Сондай-ақ өрт қауіпсіздігінің сақталмауы автотұраққа жақын орналасқан тұрғын үйлер мен мекемелерге де залалын тигізетіні даусыз. Осыны ескерген «Алматы қаласы Әуезов ауданының төтенше жағдайлар басқармасы» 2025 жылғы 25 тамызда Қазақстан Республикасы өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама дайындап, жеке кәсіпкерге биылғы жылдың 23 қазанына дейін автотұрақты алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау; автотұрақта үй-жайдың функционалдық мақсатын өзгерту туралы ескерту жасаған. Алайда тексеру барысында жеке кәсіпкердің Төтенше жағдай департаменті қызметкерлерінің нұсқамасын орындамағаны анықталған.

Аталған істі қарау кезінде жеке кәсіпкер нұсқамаға қатысты дау айтпады, шағым жасамады. Демек, нұсқамада заң талаптары сақтала отырып шығарылғандықтан, оны орындау міндет. Осы жағдайларды таразылай келе сот жеке кәсіпкерді Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабы 3-бөлігімен жауапкершілікке тартып, автотұрақ қызметін 1 (бір) ай мерзімге тоқтата тұрып, 275 240 (екі жүз жетпіс бес мың екі жүз қырық) теңге айыппұл салуға қаулы шығарды. Мемлекеттік құрылымдардың заңды талабына бағынбай, жұмысына кедергі келтірген әрбір азамат, кәсіпкерлер өз әрекетімен қоғамға, ортаға залалын тигізетінін ұмытпауы керек.

Шолпан ЕСБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылық
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

